

ЕРЕЖЕ

«ИВУШКА» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ» КМҚК-НЕ БАРАТЫН ЖӘНЕ ОТБАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ТӘРБИЕЛЕНЕТІН БАЛАЛАР МЕН АТА- АНАЛАРҒА (НЕМЕСЕ ОЛАРДЫ АУЫСТЫРАТЫН ТҮЛҒАЛАРҒА) АРНАЛҒАН КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТІ ТУРАЛЫ

1. Жалпы ережелер

1.1. Кеңес беру пункті – «Ивушка» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК (бұдан әрі – КМҚК) құрамындағы құрылымдық бөлімше болып табылады және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Негізгі ережелер» мемлекеттік стандартына сәйкес балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларын жүзеге асырады.

1.2. Кеңес беру пункті 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға (балабақшаға келетін және келмейтін), сондай-ақ олардың ата-аналарына (немесе оларды алмастыратын тұлғаларға) арналған.

1.3. Осы ереже «Ивушка» бөбекжай-балабақшасы» жанындағы кеңес беру пунктінің қызметін реттейді.

1.4. Кеңес беру пункті – мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда отбасына қолдау көрсетудің бір түрі болып табылады.

2. Кеңес беру пунктінің мақсаты мен міндеттері

2.1. Кеңес беру пунктінің мақсаты – отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, сондай-ақ ата-аналарға (немесе оларды алмастыратын тұлғаларға) мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.

2.2. Кеңес беру пунктінің негізгі міндеттері:

- мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша ата-аналарға (немесе оларды алмастыратын тұлғаларға) жан-жақты көмек көрсету;
- мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтенуіне жәрдемдесу;
- мектепке дейінгі жастағы балалардың дене, психикалық және әлеуметтік дамуындағы түрлі ауытқулардың алдын алу бойынша кешенді профилактикалық шаралар өткізу;
- КМҚК мен балалар мен ата-аналарға (немесе оларды алмастыратын тұлғаларға) әлеуметтік және медициналық қолдау көрсететін өзге ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

3. Кеңес беру пунктінің жұмысын ұйымдастыру

3.1. Кеңес беру пунктінің негізгі қызмет түрлері:

- ата-аналарға (немесе оларды алмастыратын тұлғаларға) арналған теориялық және практикалық семинарлар ұйымдастыру;

– ата-аналарға (немесе оларды алмастыратын тұлғаларға) жеке және топтық консультациялар өткізу (сұраныс бойынша);

– жазбаша өтініш, телефон арқылы және т.б. қашықтан кеңес беру түрінде кеңес ұйымдастыру.

3.2. Кеңес беру пункті ата-аналарға (немесе оларды алмастыратын тұлғаларға) келесі мәселелер бойынша кеңес бере алады:

– бөбекжайға бармайтын мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтендіру;

- баланың жас ерекшеліктері мен психологиялық даму ерекшеліктері, мектепке дайындығы;

- мектепке дейінгі жастағы балалардың дене, психикалық және әлеуметтік дамуындағы түрлі ауытқулардың алдын алу;

- білім беру бағдарламасын таңдау;

- ойын әрекетін ұйымдастыру;

- балалардың тамақтануын ұйымдастыру;

- балаларды шынықтыру және сауықтыру жағдайларын жасау;

- түрлі әлеуметтік санаттағы отбасылардан шыққан балаларды әлеуметтік қорғау.

3.3. Отбасына көмек көрсету мақсатында кеңес беру пунктінің мамандары қосымша ақпарат алу үшін балалармен әңгіме жүргізу, диагностикалық зерттеулер ұйымдастыру, бақылау жүргізу, отбасына бару және т.б. түрлерінде жұмыс жүргізе алады.

3.4. Ата-аналармен (немесе оларды алмастыратын тұлғалармен) және балалармен кеңес беру пунктінде жұмыс әртүрлі формада: топтық, жекелей және т.б. түрде жүргізіледі.

3.5. Кеңес беру пункті аптасына 2 рет таңертең және (немесе) кешкі уақыттарда жұмыс істейді.

3.6. Ата-аналарға (немесе оларды алмастыратын тұлғаларға) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету жұмысы тәрбиеші, педагог-психолог, логопед, медицина қызметкері және басқа да мамандардың қызметін біріктіру арқылы ұйымдастырылады.

3.7. Ата-аналарға (немесе оларды алмастыратын тұлғаларға) кеңес беру бір маманмен немесе бірнеше маманның қатысуымен бір уақытта жүргізілуі мүмкін.

3.8. Кеңес беру пунктіне тартылатын мамандар саны мектепке дейінгі ұйым түріне және оның кадрлық құрамына байланысты анықталады.

3.9. Кеңес беру пунктінің жұмысын тіркеу үшін келесі құжаттамаларды жүргізу қажет:

- өтініштерді тіркеу журналы;

- кеңестерге, дәрістерге қатысу журналдары;

- кеңес беру пунктінің жұмыс жоспары;

- балабақша меңгерушісімен бекітілген кеңес беру пунктінің жұмыс кестесі;

- өткізілген дәрістердің кестесі;

- құрал-жабдықтар мен көрнекі материалдардың картотекасы;

- жылдық жұмысқа талдау.

3.10. Кеңес беру пунктінде құжаттамалар жеке іс жүргізу ретінде жүргізіледі.

3.11. Кеңес беру пунктін ашу үшін қажет:

- кеңес беру пунктін ашу туралы бұйрық және осы пункт туралы ережені бекіту;

- штаттық кесте, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары, жұмыс тәртібі;

- кеңес беру пунктінің жұмыс жоспары мен кестесі;

- ақпараттық стенд.

3.12. Осы ереженің қолданыс мерзімі балабақша меңгерушісі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

3.13. Осы ереже жаңа ереже қабылданған жағдайда күшін жояды.

3.14. Кеңес беру пунктінің тікелей басшылығын балабақша әдіскері жүзеге асырады.